

**САРЫСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ ДОНДА СЕНБИН ОРТА  
МЕКТЕБІ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ХАТТАМА №1**

Күні: 26.09.2019 ж

Маятас ауылы

Камкоршылық кеңестің төрағасы: Н. Қойшыбаев

Хатшы: Э. Асанова

Қатыскандар: 7

**Күн тәртібінде:**

1. Донда Сенбин орта мектебінің директорының бос лауазымына кандидаттың пікірін тыңдау және өткізу туралы.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша камкоршылық кеңесінің төрағасы Н. Қойшыбаев мектеп директорының зейнеткерлікке шығуына байланысты мектеп директорлық қызметіне үміткер Сарысу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің сектор меңгерушісі Дүйсенбин Ерлан Пернебайұлының кандидатурасы ұсынылып отырылғанын айтып өтті. Е. П. Дүйсенбиннің жалпы еңбек өтілі 22 жыл. Білім саласында 10 жыл қызмет еткен, оның ішінде Сарысу әкімдігі білім бөлімінде 2015 жылдан бастап сектор меңгерушісі болып қызмет етіп келеді деп өмірбаяны таныстырылды.

Сөз алған үміткер Дүйсенбин Ерлан Пернебайұлы өзінің болашақта мектеп басшысы қызметін атқару барысындағы бағдарламасымен таныстырып өтті.

**Жоспардың мақсаты:** Оқушыға сапалы білім беру үшін ұжымның әрбір мүшесін ортақ мақсатқа жұмылдыру, білім сапасын арттыруға жағдай жасау. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға қолдау көрсету.

**Жоспардың міндеттері:** Оқу – тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуына дұрыс бағыт беру, Жана, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл, кәсіби шебер мұғалімдерді қолдау.

**Күтілетін нәтиже:** Пәндер бойынша неғұрлым тиімді әдістерін таңдау арқылы сапалы білімге қол жеткізіледі. Қазіргі қоғамға тән білім беру үрдісін ізгілендіру, дербестендіру және саралау нәтижеге бағытталған білім беру. Жас өспірімдердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай олардың одан әрі дамуы мен қабілеттерін іске асыруына жағдай жасау

**Сөйлегендер:**

1. **Камкоршылық кеңесінің төрағасы Н. Қойшыбаев** үміткер Е. Дүйсенбиннің бағдарламасын тыңдала келе, екі жоғары оқу орнын бітірген, аудандық әкімшілік аппаратында мәдениет және білім саласында біршама қызмет атқарғанын айта келе, кеңес мүшелеріне өз пікірлерін айтуын ұсынды.

2. **Сөз алған камкоршылық кеңес мүшесі, ауыл ақсақалы О. Молдабеков** мектебіміздің аудан көлемінде алдыңғы қатардағы мектеп екенін, мектеп әкімшілігінің қызметкері жақсы жұмыс жүргізетіндігін және ұстаздарымыздың білімді, тәжірбиелі, ізденімпаз, жаңашыл екендігін, ұжым ауыз бірлігі өте жақсы екенін айтып өтті. Алдағы уақытта осы ұжымды бірлікте ұстап, шәкірттеріміздің жоғары деңгейде саналы тәрбие, сапалы білім алуына басшылық ету қызметін алып кете алатынына сенемін деп тоқталды.

3. **Сөз алған ардагер ұстаздар, кеңес мүшелері К. Мантимова мен Б. Үсембаева** үміткер Е. Дүйсенбиннің өз ауылымыздың төл баласы, еңбегі бар, осы саланың қыр-сырын толық біледі, қадірлі, елмен, жақсы тіл табыса біледі, ұжымды бірлікте ұстау қолынан келетін азамат ретінде танитындықтарын айтып тоқталды.

Сөз алған Маятас ауылдық клуб менгерушісі, кеңес мүшесі Жанпейісов Мейрамбек Е. Пернебайұлының білім саласын жетік білетіндігін, ауыл азаматы екенін тілге тиек ете, Даму жоспары өте жақсы жасалған, ауылдан шыққан елге қамқор адам. Ауылдың тағдырын ойлайтын азамат, -деп тоқталды. Өзінің қолдайтындығын білдірді.

Сөз алған кеңес мүшесі, ауылдық су бөлімінің қызметкері, ата-ана Байғараев Қайрат ауылдық учаскелік-дәрігер Ибаділдаева Рабиға: Үміткер Ерланның алға қойған мақсаты өте айқын. Аудан көлемінде алдығы қатарда көрініп жүрген мектебімізді одан да жоғары биіктерге жетелейтін азамат, деп білеміз..

#### Қабылданған шешім:


1. Донда Сенбин атындағы орта мектебінің директорлығына үміткер кандидат даму жоспарларын тыңдала келе, қанағаттанарлық деп бағаланды.

2. Ауылдық қамқоршылық кеңестің мүшелерінің шешімі бойынша Е.П. Дүйсенбин директорлыққа лайықты деп танылсын.

#### Таныстым:

1. Е.П. Дүйсенбин

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:




Н. Қойшыбаев


Мүшелері:



О. Молдабеков




Б. Үсембаева.




К. Мантикова



Р. Ибадилдаева




М. Жанпейісов




К. Байғараев

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:



Н. Қойшыбаев

Хатшы:



Э. Асанова .